

«Бекітемін»

Мектеп директоры:

 Калыбаева З.Б.

«04» 09 2023 жыл

Ш.Кұдайбердіұлы атындағы №66 жалпы білім беретін орта мектебі  
«Қалдықсыз қоғам» жобасы



Ақтөбе қаласы, 2023 жыл

Тұрақты даму саласындағы мақсаттар негізінде, мектепте жауапты тұтыну және өндіріс мақсатын арттыру үшін, «Қалдықсыз қоғам» жобасы әзірленді.

**Озектілігі:** Қазіргі кезде адамзатты қоршаған ортаның күрделі экологиялық мәселелері толғандыруда және оларды жедел түрде шешу тәсілдері іздестірілуде. Бұл ізденістерде айналадығы бізді қоршаған орта туралы білімнің берері мол. Бұл арада шешілуге тиісті ең негізгі мәселе – адамның табигатқа тигізетін әсері қандай және одан қалпына келмейтін қандай тізбекті өзгерістер туындастынын анықтауда болып отыр. Бұл мәселені бір жағынан ғылым, екінші жағынан ғылымның ашқан жаңалықтары негізінде іс – әрекет жасауға бастайтын білім ғана шешіп береді. ҚР тұрақты дамудың жаңа жолына тұскенде экологиялық білім мен тәрбие берудің маңызы арта түсіде. Бұл проблемаларға алаңдатушылық білдірген Президент Қасымжомарт Тоқаев Қазақстандағы экологиялық жағдайға байланысты өзінің алаңдаушылығын білдіріп, мектептер мен колледждерде, балабақшаларда экологиялық тәрбиені қолға алуға ұсынып отыр. Президент бастамасымен көптеген еріктілер клубтары ашылып, чөллендіждер қолдау табуда. Ұсынылып отырған «Қалдықсыз қоғам» жобасы мектеп оқушыларына арналып құрастырылды. Экологиялық бағытта өздерін дамытып, болашакта табигат жанашыры болатын оқушылар қатарынан мектептерде еріктілер клубтары ашылған кезде мұғалімдер қандай бағдарламамен жұмыс жасаймыз, қандай іс-шараларды ұйымдастырган тиімді, не болмаса оқушылардың экологиялық сауаттылығын кай бағытта дамытқан дұрыс деген сұрақтар туындастырылды. Жоба оқушылардың заман талабына сай қызығушылығын арттыруға толығымен бағытталып жасалған. Жұмыс жасаудың жүйелілігі мұғалімге де оқушыларға да оку жылында нәтижелі жұмыс жасауға көмектеседі. Жоба шенберінде мектепте еріктілер клубы құрылып, экологиялық бағытта түрлі іс –шаралар өтеді. Ғылыми жұмыс жазу, экологиялық мақалалар, экологиялық шеберханалар мен зертханалар, арнайы бұрыштар мен кітапханалагы окулықтар – барлығы да жобаның мақсатына жетуге көзделеді.

**Жоба мақсаты:** Оқушылардың бойына экологиялық тәрбиені дарыту. Туған өлкенің табигатын тани білуге оқушылардың ғылыми - жаратылыштану көзқарастарын, экологиялық ойлауларын, азamatтық жауапкершілікке ұлтжандылыққа тәрбиелеу. Шыгармашылық қабілеттерін дамыту.

**Жоба міндеттері:**

- ✓ Экологиялық сауаттылықты арттыратын танымдық сабактар ұйымдастыру;
- ✓ Оқушылардың танып-білуге деген қызығушылығын арттыру мақсатында ғылыми жобалар жасау;

- ✓ Қалдық заттардан әртүрлі картиналар, дидактикалық ойындар жасау арқылы шығармашылық қабілеттерін арттыру;
- ✓ Білгенімен бөлісуге, өскелен ұрпаққа экологиялық тәрбие беруде арнағы - члендер мен акциялар үйымдастыру;
- ✓ БАҚ арқылы жұмыс жасауда ақпарат тарату мен жариялау құралдарын тиімді қолдану.

**Күтілетін нәтижесі:** Жоба сонында оқушылардың ең алдымен экологиялық сауаттылығы артады.

БАҚ, әлеуметтік желілер арқылы экологиялық жарнама жасаудың жолдарын менгереді. Экологиялық проблемаларды халықаралық не болмаса жергілікті деңгейде аныктай алады және оларды шешудің жолдарын ұсынады.

Ғылыми-зерттеу жұмыстары мен экологиялық жобалар жасай алады.

Әр түрлі деңгейдегі табиғатты қорғауға арналған акциялар мен байқаулар үйымдастыруды үйренеді.

Нәтижелі жұмыс жасауға ұмтылады, жауапкершілгі артады.

Қоғамның іргелі құрылымынан қолдау тапқан экологиялық білім мен насиҳат қана жаңа адамды – XXI ғасырдың азаматын қалыптастырады және аса күрделі, әрі шиеленіскең әлеуметтік – экологиялық жағдайда іс – әрекет жасауға үйретеді. Экологиялық білімнің тиімділікі жүйелілік тәсілге негізделіп, үздіксіз жүзеге асырылғандаған артып табысқа жетеді.

**Жобага қатысушылар:** мектеп оқушылары, 2 – 8 сыныптар, «Ата – аналар мектебі», пән мұғалімдері.

#### **Жобаны енгізу жоспары:**

- Мектептен қандай қалдықтар көп шығарылатынын анықтау;
- Еріктілер командасын жасақтау;
- әр түрлі сауалнамалар жүргізу;
- Қалдықтарды алып кетіп, қайта даярлайтын кәсіпорын немесе кәсіпкерлерді жақын аудандардан анықтау;
- Мектепте әр түрлі қокыс немесе қалдықтарға арналған жинау жәшіктерін орналастыру;
- Командалар арасында міндеттерін бөлістіру;
- уақытылы эко-сабактар, акциялар, сыныптан тыс сағаттар үйымдастырып, интернет паракшаларда жарнамалар жасап, жүргізіліп жатқан шараларды жарияладап отыру.

## Жұмыс жоспары

№	Бағыты	Іс – шара атавы	Өту формасы	қатысушы	мерзі мі	жауапты	нәтиже
1	Ақпарат тандыру	Танысыңыз, бұл біз! (еріктілер клубымен танысу)	бейнеролик	Клуб мүшелері	қыркүйек	Клуб жетекшісі	Галамтор желісі арқылы ақпарат тарату
2		«Маркировка – бұл маңызды»	Ақпараттық ашық сабак	5 клас	казан		Видео
3	Экосагаттар	Қоқысты қалай сұрыптайды?	Сыныптантыс іс-шара	3 сыныптар	казан	Үйірме жетекшісі	нұсқаулық
4		Су ресурстарын тиімді пайдалану	викторина	7 клас	қараша	География пәні мұғалімі	
5		Полиэлитен – ғасыр қоқысы	Танымдық сабак	2 класстар	желтоқсан		видео
6	Оку-әдістемелік	«Ғылымға бір қадам – болашаққа 100 қадам»	«Экоайдар» Мақала жазу	Барлық мектеп оқушылары мен мұғалімдері	сәуір		
7		«Табигатты қорғаудағы қызыл кітап дәрежесі»	Дебат	8 класстар	қаңтар		
8	Экошебер хана	«Заттарға екінші өмір сыйла» қолданылған ПВХ өнімдерін жою	Макеттер, картиналар, бұйымдар жасау	2-4 сыныптар	үнемі	атааналар	Галерея, фотоесеп
9		«Арт Эко»	пластик қақпашалардан картиналар салу	2-4,5-6 класстар	үнемі	Көркем еңбек пәні мұғалімі	Галерея, фотоесеп
10		“Құстар мен адамдардың табигаттагы үйлесімділігі”	Макет жасау	5-8 сынып оқушылары, атааналар			
11	Экозертхана	«Жасыл әлем»	Бөлмелегінде жасау	5-сыныптар	Наурыйз		
12		Оранжерия «Гүлденген аула»	Дала өсімдіктер ін өсіру	Еріктілер клубы	Сәуір, мамыр		
13		«Жас зерттеуші»	Су күрамы мен, топырақ күрамдары на зерттеу жұмыстарын жүргізу	8 класстар			
14	Экотолқын	«Менің	Челлендж	5-8	Жыл	Көркем	Бейнеролик

	қалдықсыз мектебім!»	Мата, киім қалдықтарынан эко сөмкелер, құрактар тігу	класстар	бойы	еңбек пәні мұғалімі	
15	«Таза қала өзіңен басталады»	Сенбілік	Оқушылар, мұғалімдер	Сәуір, мамыр		фотоесеп
16	«Құстарға ариналған кафе»	“Құс ұясын” жасау Волонтерлік жұмыс	6 сынақтар	акпан		фотоесеп
17	«Табигат және біз!»	Макулатура жинау Акция	Барлық мектеп мұғалімдері мен оқушыларды	Жыл бойы		
18	Пластик стакан жинау	Акция	Барлық мектеп мұғалімдері мен оқушыларды	Жыл бойы		Гүл отырғызыу